№ исх: ДЗ-74 от: 20.04.2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ДЕПУТАТЫ

ДЕПУТАТ
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «___»_______________
№ _______________

010000, Астана, Мажилис Парламента
«___» _______________ 20 __ года

*2023 жылғы 20 сәуірде жарияланған*

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары
Р. В. Склярға**

**Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры
Б. Н. Асыловқа**

# Депутаттық сауал

**Құрметті Роман Васильевич!**

**Құрмет Берік Ноғайұлы!**

Әр қалада тығыз салынған құрылыстың жағдайы алаңдаушылық туғызуда. Іс жүзінде құрылыс салушылардың еркін іс-әрекеті мен заңды бұзуы орын алуда, Алматы қаласының еліміздің қаржы-мәдени орталығынан орасан зор құрылыс аумағына айналуы осыған мысал болады. Астанада, Шымкентте, Оралдың сейсмикалық, сел және көшкін болу қаупі бар аймақтарында, Атырауда, Ақтауда және Ақтөбеде де жағдай осындай.

Сәулет-жоспарлау тапсырмасын алмай, эскиздік жобаны келіспей, жобалау-сметалық құжаттамасы жоқ, құрылыс жүргізуге рұқсат беретін хабарламасыз, тұрғын үй құрылысына үлестік қаражат тартуға рұқсаты жоқ, нысаналы мақсаты құрылыс салуға арналмаған жерде көп қабатты тұрғын үй кешендері салынуда. Құрылыс рекреациялық және су қорғау аймақтарында, халықаралық әуежайдың күзет аймағында, тектоникалық жарықтары бар жерде, қызыл сызықта, сейсмикалық, сел және көшкін болу қаупі бар аймақтарда, жоғары вольтты желілерді қорғау аймағында, өнеркәсіптік кәсіпорындардың санитариялық-қорғаныш аймақтарында, қолданыстағы зираттардың

20.04.2023 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)

санитариялық-күзет аймақтарында, қолайсыз аумақтар мен терең сайларда салынады. Құрылыс инженерлік желілерсіз, коммуникация жүргізілмей салынуда. Коттеджердің, демалыс аймақтарының элиталық тұрғын үй кешендерін салу үшін аумақты босату үшін үлкен таулар мен шоқылар тегістеліп, құнды сирек ағаштар мен бұталар кесіліп, сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жануарлар түрлерінің табиғи мекендейтін жерлері айналымнан шығарылады. Құрылыс үшін барлық алма бақтары жойылды, тіпті зираттардағы жерлеу орындары да тегістелді.

Жылдар бойы біз құрылыс секторы мен тұрғын үй құрылысы саласын жан-жақты қолдау көрсете отырып, қала тұрғындары үшін ең басты жайлы және қауіпсіз өмір сүру жағдайлары туралы ұмытып кеттік, ал тұрғындар күн сайын құрылыс тығыз салынып жатқанын ғана көрмейді, сондай-ақ құрылыс салушылардың заңсыз әрекетін де көріп отыр. Тиісті рұқсатсыз, жобаны бекітпей және қажетті келісуден өтпей тұрғын үйлерді салып жатқан құрылыс салушылар жеткілікті деңгейде бақылау мен қадағалау жүргізілмеуіне байланысты тұтынушыны алдап, заңды күші жоқ түсініксіз шарттар мен келісімдерді еркін жасасуда, пәтерлерді сатуда және осылайша алдағы уақытта мемлекетпен сотта дауласатын наразы топты қалыптастыруда.

Көбінесе бөлшектеу қаупіне тап болған немесе рұқсат құжаттары жойылған құрылыс салушы өз салымшыларын митингілер мен наразылық шеруіне итермелейді. Құрылыс салушылардың қызметі салынған үйден қымбат шаршы метрді сатып алған адамдарға ғана емес, жалпы елдегі конституциялық құқықтық тәртіпке де қауіп-қатер төндіреді.

Тектоникалық жарықтары бар жерде және сейсмикалық қауіпті аймақтардағы қарқынды құрылыс салу наразылықтың туындауына әкелді. Мұндай тұрғын үйлер қалай пайдалануға қабылданады, неге адамдар заңмен қорғалмайды? Неліктен бизнесті қолдай отырып, адамдардың қауіпсіздігі мәселесін екінші орынға қойып отырмыз!

Өкінішке орай, біз құрылыс салушыларға еркіндік беріп қойдық, бұл нақты қауіп-қатер туғызып отыр!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңейтілген кеңесте «біз қалаларымызды, әрине, астанамызды жайластыруға назар аударуымыз керек. Қалаларымыздың көрінісі көңіл көншітерлік емес. Әкімдер өз қалаларында, елді мекендерінде жаяу жүрулері тиіс.» деген болатын.

Біз құрылыс және жер қатынастары саласында тәртіп орнатуға, құрылыс салушылардың жауапкершілігін қатаңдатуға, сейсмикалық, сел және көшкін болу қаупі бар аймақтар мен өңірлерде заңсыз және өз бетінше құрылыс салу тәуекелдерінің алдын алу бойынша бірқатар түбегейлі шараларын қабылдауға тиіспіз!

Осыған байланысты, Үкімет пен Бас Прокуратурадан мынадай іс-шараларды іске асыруды сұраймыз:

1. Рекреациялық, сейсмикалық, сел және көшкін болу қаупі бар аймақтарды тұрғын аймақтарға ауыстыру үшін аудандарды егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына түзетулер енгізуге мораторий жариялау.

20.04.2023 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)

2. Сейсмикалық, сел және көшкін болу қаупі бар аймақтарда, қалалардың рекреациялық және қоғамдық аймақтарында пайдаланылмайтын жерлерге және өз бетінше құрылысқа ғарыштық мониторинг енгізу. Осы ғарыштық мониторингтің нәтижелері жерді сот тәртібімен алып қою, сондай-ақ құрылысты тоқтата тұру, құрылысқа бастапқы және рұқсат беру құжаттарын кері қайтарып алу және жою үшін құқықтық негіз болуға тиіс.

3. «Сәулет және құрылыс саласындағы қоғамдық мүдделерді қорғау жөніндегі омбудсмен» институтын енгізу, оған өз бетінше және заңсыз құрылыс салудың аймақтары мен аумақтарын тексеруге бастамашылық жасауға дейін қажетті өкілеттіктер беру.

4. Уәкілетті органдармен комиссия арқылы пайдалануға қабылдау актілерін міндетті түрде келісе отырып, сейсмикалық, сел және көшкін болу қаупі бар аймақтарда салынған объектілерді, әсіресе көппәтерлі тұрғын үйлерді комиссия арқылы пайдалануға қабылдауды заңды түрде қайтару.

5. Екі және одан да көп қабатты тұрғын үй құрылысының барлық объектілері үшін міндетті сейсмикалық аудит енгізу.

Көрсетілген депутаттық сауалға заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап берулеріңізді сұраймыз.

**Құрметпен,**

**Депутаттар** **Б. Базарбек**

**Е. Әбдиев**

**Ж. Амантайұлы**

**А. Перуашев**

**Д. Мұқаев**

**С. Пономарев**

**И. Смирнова**

20.04.2023 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)

Орынд. Ғ. Құсайынова
тел. 74 67 29

№ исх: ДЗ-74   от: 20.04.2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ДЕПУТАТЫ

ДЕПУТАТ
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «___»______________
№ _______________

010000, Астана, Мажилис Парламента
«___» ______________ 20 __ года

*Оглашен 20 апреля 2023 года*

**Первому заместителю**
**Премьер-Министра**
**Республики Казахстан**
**Р. В. Скляру**

**Генеральному Прокурору**
**Б. Н. Асылову**

**Депутатский запрос**

**Уважаемый Роман Васильевич!**

**Уважаемый Берік Ноғайұлы!**

Ситуация с уплотняющей застройкой в различных городах выходит за рамки приличия. На наших глазах происходит настоящий беспредел застройщиков и одним из примеров является Алматы, который за короткое время из финансово-культурного центра страны превратился в огромный строительный участок. Аналогичная ситуация в Астане, Шымкенте, Туркестане, сейсмо-, селе- и оползнеопасных зонах Уральска, Атырау, Актау и Актобе.

Строят многоэтажные жилые комплексы, без АПЗ, без согласования эскизного проекта, строят без ПСД, без талона уведомления на строительство, без разрешения на привлечение долевых средств на жилищное строительство, строят на земельном участке, целевое назначение которого не позволяет такое строительство. Строят на рекреационной и водоохраной зонах, на охранной зоне международного аэропорта, на тектонических разломах, на красных линиях, на сейсмо-, селе- и оползнеопасных зонах, на охранной зоне высоковольтных линии, на санитарно-защитных зонах промышленных предприятий, на санитарно-охранных зонах действующих кладбищ, на неудобицах и логах. Строят без инженерных сетей, без коммуникаций. Для высвобождения территории под строительство элитных жилых комплексов коттеджей, зон

20.04.2023 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)

отдыха вырезают огромные горы и сопки, вырубают ценные редкие деревья и кустарники, выводят из оборота естественные ареалы обитания редких и вымирающих видов животных. Для этого уничтожили все яблоневые сады, под бульдозер идут даже захоронения на кладбищах.

Все эти годы, мы, всячески поддерживая строительный сектор и сферу жилищного строительства, забыли о главном, о комфортных и безопасных условиях проживании жителей городов, которые ежедневно сталкиваются не просто уплотняющей, а очевидными противоправными действиями застройщиков. Застройщики, которые возводят жилые дома без соответствующих разрешений, без утверждения проекта и необходимых согласований в условиях бесконтрольности и безнадзорности идут на обман потребителя, свободно заключают непонятные по природе договоры и соглашения, не имеющие юридическую силу, продают квартиры и таким образом формируют протестную массу на случай судебных тяжб с государством. Часто застройщик, столкнувшийся с риском демонтажа либо у него аннулированы разрешительные документы, подталкивает своих вкладчиков на митинги и протесты. Их деятельность создает риск и угрозу не только тем, кто купил заветные квадратные метры в этом доме, но и в целом, конституционному правопорядку в стране.

Последней каплей в чаше терпения стало интенсивное строительство на тектонических разломах и сейсмоопасных зонах. Как принимают такие жилые дома, почему люди не защищены законом? Почему, поддерживая бизнес, поставили вопрос безопасности людей на второе место!

Мы к сожалению, развязали им руки, возникла реальная угроза разрушений!

Глава государства Касым-Жомарт Токаев на расширенном совещании по вопросам социально-экономического развития страны отметил: «Нам надо обратить внимание на обустройство наших городов и конечно же, столицы. Надо признать, наши города выглядят неважно. Акимы должны пешком ходить по своим городам, населенным пунктам».

Другими словами, оценивая риски и принимая на себя ответственность, мы должны навести порядок в сфере строительства и земельных отношений, мы обязаны принять своевременное решение по ужесточению ответственности застройщиков и меры по предупреждению рисков незаконного и самовольного строительства в сейсмо-, селе- и оползнеопасных зонах и регионах!

В связи с этим, просим Правительство и Генеральную Прокуратуру:

1. Объявить мораторий на внесение корректировок в проекты детальной планировки районов (ПДП) для перевода рекреационных, сейсмо-, селе- и оползнеопасных зон в жилые зоны.

2. Ввести космомониторинг неиспользуемых земель и самовольного строительства на сейсмо-, селе- и оползнеопасных зонах, рекреационных и общественных зонах городов. Результаты этого космомониторинга должны быть правовым основанием для изъятия земель в судебном порядке, а также приостановления строительства, отзыва и аннулирование исходных и разрешительных документов на строительство.

20.04.2023 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)

3. Ввести институт «Омбудсмен по защите общественных интересов в сфере архитектуры и строительства» с наделением его необходимыми полномочиями, вплоть до инициирования проверок зон и территории самовольной и незаконной застройки.

4. Законодательно вернуть комиссионную приемку в эксплуатацию возведенных объектов, особенно, многоквартирных жилых домов на сейсмо-, селе- и оползнеопасных зонах с обязательным согласованием актов комиссионной приемки с уполномоченными органами.

5. Ввести обязательный сейсмоаудит для всех объектов жилищного строительства 2-х и более этажности.

Просим письменно ответить на указанный депутатский запрос в срок, установленный законом.

**С уважением,**

**депутаты** **Б. Базарбек**

**Е. Абдиев**

**Ж. Амантайұлы**

**А. Перуашев**

**Д. Мукаев**

**С. Пономарев**

**И. Смирнова**

Исп. Кусаинова Г. Ж.
тел. 74 67 29

20.04.2023 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0)